

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	112
Жинақтағы беттері	526-531
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 343.5
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Ниязова Әсем Ғалымжанқызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.к., профессор – Шаяхметова Ж.Б.
Мақала атауы	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

мемлекеттің қалыптасуындағы рөлі мен тәуелсіз мемлекетіміздің алдағы стратегиялық дамуы на қосар үлесін мемлекет деңгейінде жоғары бағалаған жөн деп санаймыз. Егеменді еліміздегі кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан құқықтық реформа тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялық даму бағытын айқындайтын құқық қорғау жүйесінің қызметін арттырып, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне көптеген жауапкершілік пен міндеттер жүктейді.

Сондықтан өркениетке жету жолындағы жауапкершілік пен міндеттер құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мол тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін жетілдіруге арқау болады деген сенімдемін.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы. 2002 ж.
2. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.
3. Сапарғалиев Ғ. ҚР Конституциялық құқығы.— Алматы 1998 ж.

ӘОЖ 343.5

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ниязова Әсем Ғалымжанқызы

asemaniyazova@icloud.com

«Құқықтану» ББ 1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.к., профессор – Шаяхметова Ж.Б.

Қазіргі таңда діни экстремизм әлемдегі қауіпті мәселелердің бірі болып табылады. ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңындағы 1-ші баптың 5-ші тармақшасында Діни экстремизмнің анықтамасы былайша сипатталған: діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына немесе имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизм) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруды және жасауы;

Қазақстандық А.Д. Дәрменовтың «ҚР экстремизммен күресудің криминологиялық аспектілері» атты диссертациясында діни экстремизмге мына мазмұнда анықтама береді: «діни келіспеушіліктерді тұтандыруға бағытталған, азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, құқығына, қауіп төндіретін әс-әрекеттермен көрінетін радикалды сенімдерді тарату».

Ғылыми жүйеде «конфессионалды өз-өзін сәйкестендіру, ұқсастандыру (конфессиональная самоидентификация)» атты термин пайда болды. Бұл термин діни және қалыптасқан тарихи негізі болмаса да, харизматикалық жеке тұлғаның жеке көзқарасы мен радикалық сенімі немесе діни-саяси көзқарастары ортақ адамдардың ұйымдастыруы бойынша құрылған діни радикалды ұйымдар немесе секталарға қатысты ұғымды білдіреді.

Діни экстремизмге тән нәрселер мыналар болып табылады;

1. басқа діни көзқарастарды ұстанушыларға шыдамсыздықпен қарауға және басқа бір ойды жақтырмауға негіз болатын, діни идеологияның нақты болуы;

2. тек өздерінің белсенді қарсалыстарына ғана емес, өз сенімдері тұрғысынан ой бөліспеген барлық тұлғаларға қарсы күштеулікті қолдануға бағыттайтын идеологияның негізделуі;

3. діни экстремистік көзқарастары мен мақсаттары ортақ болуы.

1. Діни экстремизмге қарсы халықаралық деңгейде қабылданған бірнеше негізгі конвенциялар мен келісімдер бар. Олар терроризммен, экстремизммен және зорлық-зомбылықты насихаттаумен күресуге бағытталған.

1. БҰҰ-ның терроризмге қарсы конвенциялары

«Терроризмді қаржыландыруға қарсы халықаралық конвенция» 1999ж.-діни экстремистік топтардың қаржыландыруын тоқтатуға бағытталған.

«Ядролық терроризм актілеріне қарсы халықаралық конвенция» 2005ж.-экстремистік ұйымдардың ядролық материалдарды қолдануын болдырмау.

«БҰҰ-ның 2006 жылғы Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясы»-терроризмнің барлық түрлерімен, оның ішінде діни экстремизммен күрес стратегиясын анықтайды.

2. Еуропа Кеңесінің және ЕҚЫҰ-ның келісімдері

«Терроризмнің алдын алу туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясы» 2005 ж. – радикализация мен экстремизмнің алдын алу шараларын қарастырады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы - діни төзімділік пен экстремизмге қарсы іс-қимылдарды үйлестіреді.

3ШЫҰ мен ТМД аясындағы келісімдер

«Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы» 2001ж. -Орталық Азия аймағындағы діни экстремизммен күресті күшейтуді көздейді.

«ТМД-ның терроризмге қарсы конвенциясы»-1999ж.-экстремистік және террористік топтардың әрекеттеріне тосқауыл қоюға бағытталған.

4.Ислам ынтымақтастық ұйымының бастамалары

«Терроризммен күрес туралы келісім» 199ж.-ислам елдері арасындағы экстремизмге қарсы әрекеттерді үйлестіруді мақсат етеді.

«Мекке декларациясы» 2019ж. -діни төзімділікті арттыру және экстремизмге қарсы күрес шараларын дамытуға бағытталған.

Бұл конвенциялар діни экстремизмнің алдын алу, қаржыландыру жолдарын кесу және радикалдық идеологияларды таратуға қарсы іс-қимылдарды қамтиды. Әрбір мемлекет өз заңнамасында осы халықаралық құжаттардың негізінде ұлттық деңгейдегі шараларды қабылдайды.

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңның 1- бабының 1-ші тармағында экстремистік іс-әрекеттер жөніндегі анықтамасы былайша жазылған; «экстремистік іс-әрекеттер -экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке көрсетуді қолға алғанда, осындай іс-әрекеттерді тікелей іске асыру». Бұл заң мәтіні жалпы экстремизмнің барлық түрлеріне байланысты мазмұнда қамтылған.

«Діни экстремистік әрекет» делінген ұғымға мына мазмұнда құқықтық анықтаманы тұжырымдадық; «Діни экстремистік әрекет-арнайы ұйымдасқан ұйымдардың, адамдардың немесе жеке тұлғаның діни идеологиялық міндеттері арқылы діни экстремистік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттеріннің жүйесі немесе жүйелігі».

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңындағы 1-баптың 6-шы тармағында жалпы экстремистік ұйымға анықтамасы былайша жазылған; «экстремистік ұйым-экстремизмді жүзеге асыратын және сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке жіне заңды тұлғалар бірлестігі».

Діни экстремистік ұйым -діни харизматикалық жеке тұлғаның ,діни көзқарастары ортақ адамдардың, басқа қылмыстық субъектілердің ұйымдастырумен немесе соттың діни экстремистік ұйым деп таныған жалпы діни экстремистік мақсатында құрылған ұйым.

ҚР Қылмыстық Кодексінде 128 – бабында Экстремистік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету қылмысына байланысты төменде көрсетілгендей жаза көзделген.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

182-бап. Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу

1. Экстремистік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету –

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Экстремистік топтың әрекетіне немесе оның жасайтын қылмыстарына қатысу –

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Көршілес Экстремистік ұйымның қызметін ұйымдастыру қылмысына РФ Қылмыстық кодексінде 282.2 -бабында төменде көрсетілгендей жаза көзделген.

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі 282.2-бап. Экстремистік ұйымның қызметін ұйымдастыру

(2002.07.25 N 112-ФЗ Федералдық Заңымен енгізілген)

1. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес террористік деп танылған ұйымдарды қоспағанда, экстремистік қызметті жүзеге асыруға байланысты қызметті жою немесе тыйым салу туралы сот заңды күшіне енген шешім қабылдаған қоғамдық немесе діни бірлестіктің немесе басқа ұйымның қызметін ұйымдастыру, -

төрт жүз мыңнан сегіз жүз мың рубльге дейін айыппұл салуға немесе екі жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге сотталған адамның жалақысы немесе басқа табысы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және бір жылдан екі жылға дейін.

1.1. Адамды экстремистік ұйымның қызметіне тарту, тарту немесе өзге де тарту -

үш жүз мыңнан жеті жүз мың рубльге дейін айыппұл немесе екі жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге сотталған адамның жалақысы немесе басқа табысы мөлшерінде айыппұл салынады немесе бес жылға дейін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мәжбүрлі түрде жұмыс істейді немесе онсыз және бас бостандығын шектей отырып бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектей отырып, бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға құқығы бар.

2. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес террористік деп танылған ұйымдарды қоспағанда, оларға қатысты сот экстремистік қызметті жүзеге асыруға байланысты қызметті жою немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген шешім қабылдаған қоғамдық немесе діни бірлестіктің немесе өзге ұйымның қызметіне қатысу, -

үш жүз мыңнан алты жүз мың рубльге дейін айыппұл немесе екі жылдан үш жылға дейінгі кезеңдегі сотталушының жалақысы немесе басқа табысы мөлшерінде айыппұл салынады немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге мәжбүрлі жұмыстармен жазаланады. бір жылға дейінгі мерзімге бостандықтар, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз және бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектей отырып, екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға құқығы бар.

Жалпы Қазақстан Республикасы аумағында тіркелгені, тіркелмегені бар діни негізсіз сенімдерімен адамдардың, азаматтардың имандылығына, денсаулығына, өміріне, еркіне, отбасылық берекелі тұрмысына, қоғамға, тіпті мемлекетке қауіпі бар діни ұйымдар мен секталар қаптап кетті. Яғни діни экспансия жолдармен қауіп төндірілуде. Бұл жөнінде көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында айтылыпта, жазылыпта жүр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аумағында, әсіресе, « Иегова куәгерлері », « Салафилер » ағымы, « Кришнайттер » сектасы, « Ахмади » жамағаты сектасы, « Евангелие » протестандық секта және де басқа да түрлі харизматикалық жеке тұлғалардың топтары өз жұмыстарын жүргізуде.

Бұл ұйымдарға қатысты әлемде, көптеген мемлекеттерде, бізде де қоғамдық пікір

қарсылығы бар.

2. Діни экстремизммен байланысты терроризмнің әлемдік статистикасы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырады. 2023 жылы терроризмнен қазға тапқандар саны 22 пайызға қсіп, 8 352 адамға жетті, бұл 2017 жылдан бері ең жоғары көрсеткіш.

Терроризм әрекеттері 22 пайызға азайып, 3 350 оқиғаны құрады, бірақ әр шабуылға шаққандағы өлім саны, 56 пайызға өсіп, соңғы онжылдықтағы ең жоғары 15 жылдағы ең төменгі деңгейге жетті.

Еліміздегі соңғы жылдардағы діни экстремизмге қатысты оқиғалар:

Қазақстанда соңғы жылдары діни экстремизм мен терроризмге қатысты бірнеше оқиғалар тіркелді. Мысалы, 2016 жылы Ақтөбе мен Алматы қалаларында болған шабуылдар елдегі қауіпсіздік күштерінің діни экстремизммен күресте белсенділігін арттыруына себеп болды. Осы оқиғалардан кейін діни экстремизмге қарсы заңнамалар күшейтіліп, арнайы бағдарламалар қабылданды.

Қазақстан үкіметі діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресті күшейту мақсатында бірқатар заңнамалық шараларды қабылдады. 2011 жылы “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” заң қабылданып, діни экстремизмге қарсы күреске бағытталған нормалар енгізілді. Сонымен қатар, 2013 жылы “Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы” заң қабылданып, терроризммен күрестің құқықтық негіздері анықталды.

Соңғы жылдары 2024 жылдың 2-3 мамырында Астана және Павлодар қалаларында Ұлттық қауіпсіздік комитеті ІІМ-мен өзара әрекеттесе және прокуратура органдарының үйлестіруімен Қазақстанның 3 азаматын ұстады.

Олар терроризмді насихаттады және республика аумағында тыйым салынған діни-экстремистік ұйымның қызметіне қатысты деп күдіктелуде.

Тінту барысында діни әдебиеттер мен өзге де заттай дәлелдемелер алынды.

Күдікті адамдар бұрын жалпы қылмыстық және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін сотталған.

Қылмыстық кодекстің 256 және 405-баптары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

2024 жылдың 17 сәуірде ҰҚК ІІМ-мен өзара әрекеттесе, прокуратура органдарының үйлестіруімен Алматы қаласында, Алматы және Жамбыл облыстарында Қазақстанның 4 азаматын ұстады.

Олар республика аумағында тыйым салынған діни-экстремистік ұйымның әрекетіне қатысты және ұйымдастырды деп күдіктеледі.

Тұрғылықты жерлері бойынша тінтулер барысында көптеген діни әдебиеттер мен басқа да заттай дәлелдемелер алынды.

Қылмыстық кодекстің 405-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

Атап өтетін жайт, ұсталған адамдардың екеуі бұған дейін осындай қылмыс жасағаны үшін сотты болған.

Сотпен ұсталғандарға қатысты бұлтартпау шарасын қолдану сұрағы шешілуде.

Қорытынды

Осы жылы 22 қаңтарда Ұлттық қауіпсіздік комитеті Астанада және Ақмола облысының Қосшы қаласында прокуратура органдарының үйлестіруімен 4 Қазақстан азаматын ұстады.

Олар терроризмді насихаттады, экстремистік әрекетке қатысты және ұйымдастырды, сондай-ақ жаңа жақтастарды тартты деп күдіктелуде.

Тінту барысында тұрғын үйлерінен діни материалдар мен басқа да заттай дәлелдемелер тәркіленген.

Қазіргі уақытта Қылмыстық кодекстің 256, 259 және 405-баптары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Діни экстремизмге қарсы күрес аясындағы негізгі ұстанымдар мыналар болып табылады:

- заңдылық – қарсы күрес шараларын қолданғанда Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен келісімдерді және өзге де ұлттық заңнама мен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң түрде

сақтау;

- кешенділік – діни экстремизм құбылыстарына қарсы күресте ескерту, алдын алу жұмыстарында негізгі күресуші субъектілердің бірігіп күресуіне күш салу;

- тиімділік – діни экстремизмге қарсы күресте неғұрлым материалдық, қаржылық, ресурстық шығындарды азайту нәтижелеріне жету;

- оперативтілік – адекваттық криминологиялық жағдайларға ескерту шараларының қолданылуы.

Діни экстремизмнің құбылыстарына қарсы күрес аясындағы жалпы негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- қоғамдағы криминогендік процесстердегі туындаған діни экстремизмге қарсы күресу, экстремистік бағыттағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы;

- экстремистік бағыттағы құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және саралау, әрі оларды жоюдың шаралары;

- діни экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға оқталу және дайындалу фактілерін айқындау, әрі жолын кесу, сонымен қатар қылмыс жасаушы тұлғаларға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарымен шара қолдану;

- экстремистік бағыттағы қылмыстың белгілері болмаса да, бірақта профилактикалық шараларды қолдануға негіз болатын тұлғаларды айқындау;

- діни экстремизм құбылыстарына қарсы күрес жұмыстарына қоғамдық ұйымдар мен жекелеген адамдарды тарту.

Бұл жерде діни экстремизмнің құбылыстарына қарсы күрес аясындағы негізгі ұстанымдар мен бағыттар айқындалды. Енді құқық қорғау органдары ішіндегі діни экстремизммен тікелей күресуші субъекті – ішкі істер органдары болып табылады. Діни экстремизмнің криминалдық құбылыстарын анықтау қарсаңында ішкі істер органдары қызметкерлері мына төмендегі заңды әрекеттерді қолданады:

- өздерінің қызмет ететін аумақта жағдайды қиындатуы мүмкін ақпараттарды жинақтау, жүйелеу және саралау;

- жалпы алынған мәліметтердің ішінен діни экстремистік белсенділікке күш беретінін бөлектеп алып, әрі шұғыл түрде өзге де антиэкстремистік әрекетіндегі субъектілермен ақпарат алмасу;

- діни экстремизммен күресу бағыты кезінде, алғашқы алынған ақпараттарды тексеру, әрі айқындап алу және басқарушылық шешім варианттарын жасап алу қажет;

- діни экстремизм құбылыстарына қарсы күрес аясында ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыруда пайдалынатын күш пен құралдарды алдын ала дайындау, бірлескен шараларды жоспарлау, әрі бақару шешімдерін қабылдау мен дайындау;

- діни экстремизмге қарсы күрес аясында ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен шешетін мәселелерін бекіту.

Діни экстремизмнің жалпы алдын алудың негіздері мыналар болып табылады:

- 1.Тұрақты экономика, адамдардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру.

2. Жас адамдардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсартуға, олардың өз бетімен еңбекке және қоғамдық – саяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік жастар саясатын қаржымен, заңмен қамтамасыз етуге шаралар қарастырып, оны жүзеге асыру. Себебі діни экстремистік ұйымдарға жастардың көп тартылатындығы статистикалық мәліметтерден байқалатын анық нәрсе. Өйткені экстремистік ұйымдарда жастарды тартуға мүдделі.

- 3.Заңды жалпыға бірдей оқытуды және заңға тәрбиелеуді ұйымдастыру. Діни ұйымдардың мүшелері арасында құқық қорғау органдары қызметкерлері құқықтық оқытуды жоспарлы өткізгендері дұрыс.

- 4.Діни экстремистік бағыттағы қылмыстардың алдын алуды жалпы қоғамдық деңгейде қарастырғанда Қазақстан Республикасы үшін ең өзекті проблема – адамдарды, әсіресе жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажет.

Діни экстремизм делінген ұғымның анықтамасы мына белгілермен дәлелденеді: 1) Құқықтық категориялық құбылыс; 2) бір діни ұйымның, сектаның немесе басқа бір қылмыс субъектілердің базасында құрылуы;

3) Ең шеткі қисынсыз көзқарастың болуы; 4) конфессия, секта және қылмыстық

субъектілер шеңберінде заңға қайшы қасақана мақсаттың болуы; 5) азаматтардың, тарихи қалыптасқан қоғамның және ұлттық мемлекеттің құқытары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталуы; 6) қылмыстың субъектілері діни ұйым, секта және қылмыстық субъектілер мүшелері немесе жеке сенуші тұлғалар болып табылуы; 7) Олардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің нақты болуы. « Діни экстремистік әрекет – арнайы ұйымдасқан адамдардың немесе жеке тұлғаның діни идеологиялық міндеттері арқылы діни экстремистік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерінің жүйесі немесе жүйелігі ». Діни экстремистік әрекеттің пайда болуына әкелетін элементтер мыналар болып табылады: 1) арнайы ұйымдасқан адамдардың немесе жеке тұлғаның іс-әрекет жасаушы болып табылуы; 2) іс-әрекеттің туындауына діни идеологиялық міндеттерінің түрткі болуы; 3) іс-әрекеттің діни экстремистік мақсатқа қол жеткізуге бағытталуы; 4) іс-әрекеттер жүйесі немесе жүйелігі.

«Діни экстремистік ұйым – діни харизматикалық жеке тұлғаның немесе діни көзқарастары ортақ адамдардың ұйымдастыруымен, діни экстремистік мақсаттарына байланысты құрылған ұйым». Діни экстремистік ұйымның ұйымдастырылып құрылуы мына негізгі элементтерді қамтиды: 1) діни харизматикалық жеке тұлғаның немесе діни көзқарастары ортақ адамдардың ұйымдастырып құруы; 2) діни экстремистік ұйымның құрылуына діни экстремистік мақсаттың негіз болып табылуы. Діни экстремистік ұйымдарға тән белгілер аталып көрсетілді. «Діни экстремистік бағыттағы қылмыстар – конституциялық құрылымға, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттің тұтастығы мен аумақтық мызғымастығына, конституция кепілдік беретін азаматтардың және басқа дасубъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне, діни сенім бостандығы немесе ар-ождан бостандығын бұзуға бағытталған қоғамға-қауіпті, қылмыстық- жазаланатын, тікелей қасақана ниетпен жасалынатын іс-әрекеттер жиынтығы».

Діни экстремистік бағыттағы қылмыстардың элементтері болып мыналар табылады:

1) қылмыстық іс-әрекеттердің конституциялық құрылымға, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық мызғымастығына, азаматтардың және басқа да субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне, діни сенім бостандығы немесе ар-ождан бостандығын бұзуға бағытталуы;

2) қоғамға қауіпті, қылмыстық заңмен жазаланатын, тікелей қасақана ниетпен жасалынатын іс-әрекеттер жиынтығы болуы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Криминологические аспекты борьбы с экстремизмом в Республике Казахстан. Автореферат. Дарменов. А. Д. Астана 2006г.
2. “Терроризмді қаржыландыруға қарсы халықаралық конвенция” 1999 ж.
3. “Ядролық терроризм актілеріне қарсы халықаралық конвенция” 2005 ж.
4. “БҰҰ-ның 2006 жылғы Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясы”
5. “Терроризмнің алдын алу туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясы” 2005 ж.
6. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)
7. “Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы” 2001 ж.
8. “ТМД-ның терроризмге қарсы конвенциясы” 1999 ж.
9. “Терроризммен күрес туралы келісім” 1999 ж.
10. “Мекке декларациясы” 2019 ж.
11. ҚР Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
12. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі 2002.07.25 N 112-ФЗ Федералдық Заңымен енгізілген